

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

THE MINISTRY OF
SCIENCE AND HIGHER
EDUCATION OF THE
REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN



SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

SOUTH KAZAKHSTAN
STATE PEDAGOGICAL
UNIVERSITY

Университетінің Ғылыми
кеңесінде бекітілген, кеңес
торағасы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық
университетінің Басқаруы
торағасы-Ректор, Т.Ғ.Қ.,
доцент

Утверждено на Ученом совете
университета, председатель
совета председатель Правления-
Ректор Южно- Казахстанского
государственного
педагогического университета,
К.и.н., доцент

Approved by the University
Academic Council, Chairman
of the Board-Rector of the South
Kazakhstan State Pedagogical
University, Candidate of
Historical Sciences, Associate
Professor



Г.Д.Сугирбаева

Хаттама № 1 «31.08» 2022ж. Протокол № 1 «31.08» 2022г. Protocol № 1 «31.08» 2022y.

БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ

8D01503 ИНФОРМАТИКА ПЕДАГОГІН
ДАЯРЛАУ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ПРОГРАММА

8D01503 ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГА
ПО ИНФОРМАТИКЕ

EDUCATIONAL
PROGRAM

8D01503 TEACHER TRAINING OF
COMPUTER SCIENCE

Шымкент 2022

8D01503 ИНФОРМАТИКА ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы:	8D01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және атауы:	8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
Берілетін дәрежесі:	8D01503—«Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
Бағдарламаның типі:	Докторантура, 8 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ
Жалпы кредит көлемі:	180 академиялық кредит

Білім беру бағдарламасы Физика-математика факультетінің кеңесінде қаралып
Ғылыми кеңеске бекітілуге ұсынады.


Хаттама № 1 «31» 08 2022 ж.

Білім беру бағдарламасы университетінің Ғылыми кеңесінде бекітіліп,

Хаттама № 1 «31» 08 2022 ж.

Келісілген:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша
проректор




Кудышева А.А.

Ғылыми жұмыстар және инновациялар
жөніндегі проректор м.а.



Уалиханова Б.С.

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы



Бердалиев Д.Т.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институтының директоры



Жылысбаева А.Н.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының директоры



Конарбаева З.К.

Орталық Азия инновациялық университетінің
ректоры



Оңласынов Е.З.

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Сулейменова Лаура Аскарбековна	ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к.	+77011617789
2	Ибашова Альмира Байдыбековна	ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.	+77759447160
3	Нурмуханбетова Гулира Кенжеевна	ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., доцент	+77759447160
4	Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна	ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.	+77017571372
5	Алдешов Сапарлғали Ергенұлы	ОҚМПУ, «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.	+77016294921
6	Изтаев Жалғас Дулатович	М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.	+77017208009
7	Теңізбаев Егемберді Жансейітұлы	Орталық Азия инновациялық университеті, «Ақпараттық технология және дизайн» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент	+77007613571 +77027104867

Сарапшылар

№	Ф.И.О	Должность	Контактные данные
1	Ошанова Нуржамал Турашовна	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.д, «Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасы»	nurzhamal_o_t @ mail.ru +77016554828
2	Керимбаев Нурасыл Нурымулы	Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, «Информатика» кафедрасы, п.ғ.д., профессор	+77757337984

Қыскартулар:

- ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
- СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
- ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
- ББ – Білім беру бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
- ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
- ЭПК – Элективті пәндер каталогы
- ТҚ – Түйінді құзыреттіліктер
- ОН – Оқыту нәтижелері
- АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- АБ – Аралық бағалау
- МБ – Межелік бағалау
- ҚБ – Қорытынды бағалау
- ЖБП – Жалпы білім пәндері
- БП – Базалық пәндер
- ПП – Профильдік (бейіндік) пәндер

Мазмұны

Кіріспе	6
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	7
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	7
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	7
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	7
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	9
3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары	9
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	9
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	9
4 Бітірушінің құзыреттілік моделі	10
5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері	10
6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты	11
7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері	12
8. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы	17
9. Білім беру бағдарламасының мазмұны	18
9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі.....	18
9.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	19
9.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	23
9.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	25

КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы Жоғары Білім берудің Еуропалық Кеңістігінің Біліктілік Аясының 3 циклімен (A Framework for Qualifications of the European Higher Education Area) келісілген екінші деңгейлі Дублин дескрипторларын, өмір бойы білім беруге арналған Еуропалық біліктілік шеңберінің 8 деңгейін (The European Qualifications Framework for Lifelong Learning) және салалық біліктілік шеңберін, педагогтың кәсіби стандартын, өңірлік еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік аясының 8 деңгейіне сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзіреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын (ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- Пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- Білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- Кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«8D01503-Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) өзінің кәсіби қызметін білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында атқарады.

1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);
- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;

- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

Ұйымдастыру-басқару:

- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- кәсіпорындардың экономикалық қызметін ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;
- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнама нормаларын практикада қолдану.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің «8D01503-Информатика» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтың кәсіби стандартына, сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

ББ білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, түлектердің дайындық бағыты мен бейіні бойынша дайындық сапасын бағалауды реттейді.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

3.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының **мақсаты:**

ББ мақсаты: Информатиканы оқыту саласында табысты ғылыми-педагогикалық қызметке қол жеткізу үшін іргелі теориялық-әдіснамалық білімді, зерттеу дағдыларын меңгерген философия докторын (PhD) даярлау.

Білім беру бағдарламасының **міндеттері:**

- Білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- Білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- Білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- Білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- Тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

4. БІТІРУШІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

Бітірушінің құзыреттілік моделін құрайтын түйінді құзыреттіліктер:

- **Мәдениеттілік құзіреттілік:** азаматтық және адамгершілік тұрғыда жеке тұлға үшін маңызды мәселелерді талдауда өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре алады (ТҚ1).
- **Ұйымдастырушы-әдістемелік құзіреттілік:** инновациялық технологияларды қолдануда, қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда және кешенді проблемаларды шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады (ТҚ2).
- **Зерттеушілік құзіреттілік:** Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру арқылы орындау кезеңдеріне сәйкес алынған нәтижелерді дәйектейді (ТҚ3).
- **Пәндік құзіреттілік:** пәндік саланы терең игереді, өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып бағалайды, заманауи зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады (ТҚ4).
- **Дамытушы құзіреттілік:** кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, өмір бойы оқуға мән береді (ТҚ5).

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

ОН1 – Информатика және оқыту саласындағы іргелі ізденістердің бағыттарын айқындап, ғылыми зерттеу әдістеріне талдау жасау, оны практикада іске асыруды меңгеру;

ОН2 – Информатика және оқытудың өзекті мәселелерін терең түсініп, ғылыми пікірлерін тұжырымдау;

ОН3 – зерттеу нәтижелердің ұлттық және халықаралық деңгейде тануын қамтамасыз ету үшін ғылыми жарияланымдардағы жаңа және күрделі идеяларды талдау, сыни бағалау және синтездеу;

ОН4 – практикалық кәсіби мәселелерді шешу үшін өз жетістіктерін әріптестерге, ғылыми қоғамдастық пен кең жұртшылық назарына ұсыну;

ОН5 – информатика ғылымының жаңа бағыттарын дамытуға өзіндік ерекше идеялармен үлес қосу арқылы білімге негізделген қоғамның дамуына ықпал ету;

ON6 – Академиялық адалдық мәдениетін ұстана отырып, мәтінге ғылыми-сараптамалық баға береді.

Бағдарлама оқу нәтижелерін Дублин дискрипторларымен сәйкестендіру

<i>Дублин дескрипторлары (кілт сөздері)</i>	<i>ББ оқу нәтижелері</i>	<i>Құзіреттілік</i>
Білім және түсіну	Информатика және оны оқыту саласындағы іргелі ізденістердің бағыттарын айқындап, ғылыми зерттеу жүргізу;	Білімді кеңейту
Білімді және түсінікті қолдану	Информатика және оны оқыту саласындағы өзекті мәселелерін терең түсініп, ғылыми пікірлерін тұжырымдау	Білімді тереңдету
Пікірлерді білдіру	Зерттеу нәтижелердің ұлттық және халықаралық деңгейде тануын қамтамасыз ету үшін ғылыми жарияланымдардағы жаңа және күрделі идеяларды талдау, сыни бағалау және синтездеу.	Жүйелік
Оқуға қабілеті/ Оқу дағдылары	Практикалық кәсіби мәселелерді шешу үшін өз жетістіктерін әріптестерге, ғылыми қоғамдастық пен кең жұртшылық назарына ұсыну.	Жүйелік
Коммуникативтік қабілеті	Информатика ғылымының жаңа бағыттарын дамытуға өзіндік ерекше идеялармен үлес қосу арқылы білімге негізделген қоғамның дамуына ықпал ету.	Коммуникативтік

6. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Пәннің оқу нәтижелерін бағалау университет анықтайтын ағымдық пен межелік бақылау және аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. Ол әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пән оқу нәтижелерін ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіліп, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

Межелік бақылау оқу пәні шеңберінде академиялық кезең аралығында екі рет өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды баға ағымдық бақылау (АБ) 60 %, қалған 40%-і емтиханнан жиналады. Емтиханға студент межелік бақылау мен ағымдық бақылаудан кем дегенде 30 балл (өту балы $0,2*(АБ1+ АБ2+АБ3) \geq 30$ балл) жинағанда ғана жіберіледі.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,2*(АБ1+ АБ2+АБ3)+0,4*Е$$

$$\text{Ағымдық баға (АБ1)} \leq 100$$

$$\text{Ағымдық баға (АБ2)} \leq 100$$

$$\text{Ағымдық баға (АБ3)} \leq 100$$

$$\text{Емтихан (Е)} \leq 100$$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;

- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;

- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;

- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;

- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті көзқарасқа негізделген оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі және т.б.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;

- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

КӘСІПТІК ПРАКТИКА

Ғылыми және педагогикалық докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы докторанттардың практикалық даярлауды (педагогикалық және зерттеу практикаларды, сондай-ақ кәсіби (ғылыми) тағылымдаманы) көздейді.

Педагогикалық практика

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына сәйкес докторанттардың педагогикалық практикасының мақсаты кәсіби-педагогикалық қызметтің практикалық білік пен дағдыларды ала отырып, оқу орнында (оның ішінде жоғары мектебі) педагогикалық еңбекке мотивацияны нығайту болып табылады.

Құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар (педагогикалық практика):

- 1) маманның:
 - психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы;
 - психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жобалау және жүргізудің теориялық негіздері туралы түсінігі болуы тиіс.
- 2) маман:
 - білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызмет негіздерін және, неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, қолдану;
 - өзіндік жұмысты ұйымдастыру қағидасы мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәсілдерін білуі тиіс.
- 3) маман:
 - нақты кәсіби жағдайларда тұлғалық таңдауды жүзеге асыруды;
 - тәжірибелі әріптестерден кеңесе отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыруды;
 - оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалану; оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана білуі тиіс.
- 4) маман:
 - ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін бағалау және ұйымдастыру әдістері мен технологияларын;
 - білім беру бағдарламаларының іске асыру дағдыларын;
 - ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: ғылыми білімнің оқу материалын психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру және құрылымдауы, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеу дағдыларын;

- әр түрлі тақырыптар бойынша есептер, жаттығулар, тест тапсырмаларын құрастыру, пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндау әдістері мен тәсілдерін, түрлі білім беру технологияларын меңгеруі тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген жазбаша есеп, күнделік және практика бойынша жетекшімен жасалған практикадан өту туралы пікір негізінде жүргізіледі. Пікірде басшы педагогикалық қызмет дағдыларының қалыптасуына, орындалатын жұмысқа, практикаға қарым-қатынасқа баға береді (жауапкершілік дәрежесі, өзіндік-жаңалықтар, шығармашылық, жұмысқа қызығушылық және т.б.). Практика туралы есепте практика кезеңінде нақты орындалған жұмыс туралы мәліметтер болуы тиіс.

Зерттеу практикасы

Докторанттардың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның тың теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде сараптамалық деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен анықталады.

Зерттеу практикасынан өту кезінде докторант:

- отандық және шетелдік ғылымның тың теориялық жетістіктері бойынша;

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа әдіснамалық жетістіктері бойынша;

- отандық және шетелдік ғылымның технологиялық (инновациялық) жетістіктері бойынша;

- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, сараптау деректерін өңдеу және түсіндіру бойынша өз тұжырымы мен қорытындысы бар 4-5 реферат, мақалаларды (әр көлемі 50 беттен кем емес) өз бетінше даярлауы тиіс.

Құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар (зерттеу практика):

1) маманның:

- озық ғылыми әдістерінің және оларды педагогикалық проблемаларды зерттеу кезінде қажетті деңгейде пайдаланудың мүмкіндіктері туралы;

- кәсіптік оқыту саласындағы ғылыми-зерттеу, инновациялық қызмет туралы түсінігі болуы тиіс.

2) маман:

- бастапқы алғышарттар тұжырымын, бастапқы тұжырымдамасын, зерттеу тақырыпты таңдау негізін, мақсаттары мен негізгі міндеттерін; әдеби іздеу әдістерін, жарияланған зерттеудегі мәселе бойынша деректерді жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ оларды конспектілеу, рефераттау және ғылыми жетекшісімен мәселені талқылауды;

- білім беру үрдістерін қазіргі жағдайы мен даму болашағын, кәсіптік оқыту мекемесінің қызметінің ерекшеліктерін;
- педагогикалық үрдістердің зерттеу әдістерін;
- кәсіби білім беру саласындағы отандық және шетелдік озық тәжірибе, ғылым мен оқыту технологияларының жетістіктерін білуі тиіс.

3) маман:

- ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіптік білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешуді;
- зерттеудің қажетті әдістерін таңдау, бар әдістерді түрлендіру және нақты зерттеу міндеттеріне сүйене отырып жаңа әдістерді әзірлеуді;
- алынған эксперименттік нәтижелерді өңдеу, әдеби деректерді ескере отырып, оларды талдау және зерделеуді;
- заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы библиографиялық жұмыстар жүргізуді;
- қазіргі заманғы редакциялау және баспа құралдарын тарта отырып, қолданыстағы талаптарға сәйкес рәсімделген есептер, рефераттар, мақалалар түрінде жасалған жұмыстың қорытындысын ұсынуды;
- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін құруды;
- оқу сабақтарының барлық түрлерін жүргізуді тиімді ұйымдастыруды меңгеруі тиіс.

4) маман:

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;
- ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін шетел тілін қажетті көлемде меңгере отырып пайдалану дағдыларын меңгеруі тиіс.

5) ғылыми қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге құзыретті болуы тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Зерттеу практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практиканың бастапқы кезеңде ғылыми жетекшісі өз пікірінде зерттеу қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.).

Практика қорытындысы бойынша аттестаттау

Кәсіби практика қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық докторанттар есептерінің қорғауы жүргізіледі.

Кәсіби практикалардың қорытынды бағасы қорғау нәтижелері бойынша қойылады.

Практика жетекшісі докторанттың есебіне қарап, практика өту сапасына қорытынды шығарады және бағаны дифференциалды сынақ түрінде қояды.

Практика бойынша бағасы емтихан ведомосына және АБК "Универ 2,0" енгізіледі, теориялық оқытудағы бағалауына теңестіріледі және докторанттардың жалпы үлгерім қорытындысын шығару кезінде және тиісті семестрге стипендия тағайындау ескеріледі.

Докторант-практиканың жүргізілген практика сапасын бағалау критерийлері:

1. Жүргізілген практиканың жалпы бағасы практикаға қойылатын бағалау көрсеткіштер балдардың арифметикалық ортасынан шығарылады,

2. Егер орташа балл барлық позициялар бойынша:

3,5 - жалпы қорытынды: жүргізілген практика ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес емес;

3,6-3,9 - жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика қанағаттандырады;

4,0-4,5 - жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика толық көлемінде қанағаттандырады;

4,6-5,0 - жалпы қорытынды: жүргізілген практика біліктілікке және ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сай болып табылады.

8. ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Ғылыми және педагогикалық докторантурадағы білім беру бағдарламасының құрамында докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы белгіленген.

МҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;

2) өзекті болып, ғылыми жаңалықты және практикалық маңызды қамтамасыз ету;

3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындау;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге енгізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі өтілуіне қарай әрбір академиялық кезеңнің соңында докторанттың есебі түрінде ресімделеді. Жүргізілген МҒЗЖ қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық докторанттар есептерін қорғайды.

ДФЗЖ шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда міндетті түрде *ғылыми тағлымдамадан* өту қарастырылады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының ең соңғы қорытындысы докторлық диссертация (докторлық жоба) болып табылады.

9. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы бойынша анықталған оқу нәтижелері білім алушының бағдарламаны аяқтағаннан кейінгі қалыптастырылатын құзыреттіліктерін анықтайды.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін қалыптасатын құзыреттіліктермен байланыстыру матрицасы

<i>ON</i> <i>ТҚ</i>	<i>ON 1</i>	<i>ON 2</i>	<i>ON 3</i>	<i>ON 4</i>	<i>ON 5</i>	<i>ON 6</i>
ТҚ 1			+	+	+	+
ТҚ 2		+		+	+	
ТҚ 3			+		+	+
ТҚ 4	+	+				
ТҚ 5	+	+	+			+

9.2. Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің құрамы	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Модульдің оқу нәтижелері	Кредит саны	Құзыреттілігі, күтілетін оқу нәтижелері
1	<p>Педагогиканың философиясы және әдіснамасы</p> <p>Академиялық хат</p> <p>Ғылыми зерттеу әдістері</p> <p>Педагогикалық практика</p>	<p>Педагогиканың философиялық негіздері, педагогикадағы әдіснамалық метабілімнің ірі бөлімдері туралы жүйелі ғылыми білімдер және оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолдану мен нәтижелерді әдіснамалық тұрғыдан дәйектеу жолдары қарастырылады.</p> <p>Докторанттың жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық қызметтің практикасынан өтіп, практикалық білік пен дағдыларын қалыптастыруға арналған.</p>	<p>MON2 – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;</p> <p>MON3 – педагогикалық қызмет ауқымын кеңейтуге қатысты өз зерттеулерін дәйектейді;</p> <p>MON4 – кәсіби практикалық жұмыстарын жүргізуде, пәнаралық білімдерді интеграциялай алады.</p>	25	ТҚ 1, 2, 3, 4, 5 ОН 2,3,4

2	<p>Информатиканың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (ФЭӘН02)</p>	<p>1. Білімді ақпараттандыру және оқытудың өзекті мәселелері 2. Білім беретү робототехникасын оқытудың өзекті мәселелері</p>	<p>Мектеп саласындағы зерттеулердің негіздерін игеріп, оларды зерттеу жұмыстарында пайдалана білу, кәсіптік және шығармашылық қабілеттерді дамыту, заманауи оқулықтардың мазмұнын талдау, жаңартылған бағдарлама бойынша оқуды ұйымдастыру мен басқару әдістерін меңгеру, информатиканың фундаментальды ұғымдары мен түсініктерін, педагог-зерттеушінің АКТ-құзыреттілігін қалыптастырудың өзекті мәселелерін жүйелі түрде түсінуді, дағдылары мен зерттеу әдістерін меңгеруге бағытталған.</p>	<p>MON1 – информатика оқыту саласындағы білімін, қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгергенін көрсетеді; MON2 – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімін практикада қолданады; MON3 – ұлттық және халықаралық деңгейде жариялануға жарамды зерттеулерін дәйектей алады; MON4 – ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде пәнаралық білімдерін интеграциялай алады; MON5 – ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін еріптестеріне, жалпы жұртшылыққа жеткізе алады.</p>	БП	5	ТК 1,2,3,4,5 ON 1,2,3,4,5,6
---	---	--	---	---	----	---	--------------------------------------

3	<p>Білім беруде жоғарғы технологияларды қолдану бағыты (БЖТКБ 03)</p> <p>1.Онлайн-оқытудың өзекті мәселелері 2.BigDate технологиясы негізінде білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері</p>	<p>Зерттеу практикасы</p> <p>Қазақстанның білім берудегі онлайн-оқытудың қазіргі кездегі даму кезеңін; BigDate технологиясын білім беру саласына қолданудың шетел тәжірибесі мен Қазақстандағы қазіргі кездегі мәселелерін; жоғары технологияларға негізделген білім берудің әдіснамалық принциптері мен оқыту технологияларының ерекшеліктерін; онлайн оқытудың педагогикалық-ұйымдастырушы шарттарын зерттеуге бағытталады. Осы тақырып аясындағы өз идеяларын ұсыну мен зерттеу нәтижелерін дәйектеу жолдары сипатталады.</p>	<p>MON1 – информатика саласындағы жүйелі білімін көрсетеді; MON2 – жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады; MON3 – бейстандартты жағдаяттарды модельдеуде пәнаралық білімдерді интеграциялай алады.</p>	БдП	15	ТК 1,2,3,4,5 ON 1,2,3,5,6
---	--	--	--	-----	----	------------------------------------

4	<p>Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)</p>	<p>Модуль докторанттың информатиканы оқыту саласы бойынша таңдалған диссертация тақырыбының өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін анықтай отырып, тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған.</p> <p>Ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделе отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдану арқылы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу; ДФЗЖ шеңберінде докторанттың инновация-лық технологиялармен және өндірістің жана түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтуі қарастырылады.</p> <p>Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының ең соңғы қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.</p>	<p>MON1 – информатика және оны оқыту саласындағы жүйелі білімін, қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеруін көрсетеді;</p> <p>MON2 – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;</p> <p>MON3 – ұлттық және халықаралық деңгейде жариялануға жарамды, педагогикалық қызмет ауқымын кеңейтуге қатысты өз зерттеулерін дәйектейді;</p> <p>MON4 – ғылыми-зерттеу және кәсіби практика жұмыстарын жүргізуде, пәнаралық білімдерді интеграциялай алады;</p> <p>MON5 – ғылыми-зерттеу жұмысының идеясын, қорытындылары мен проблемаларының шешімдерін әріптестеріне, жалпы жұртшылыққа хабарлауды ұйымдастыра алады.</p>	<p>ҒЗЖ</p> <p>123</p>	<p>ТҚ1,2,3,4,5 ON 1,2,3,5,6</p>
---	---	---	---	-----------------------	---

Қорытынды аттестаттау		12	
Барлығы		180	

9.3. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын ОН(коды)					
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
Базалық пәндер циклі									
Жоғары оқу орны компоненті									
1	Педагогиканың философиясы және әдіснамасы	Пән ғылыми жетістіктердің қалыптасу үдерісін және адамзаттың философиялық ойларының дамуын зерттейді. Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі педагогикалық философияның түсініктері мен теорияларын, сондай-ақ олардың заманауи ғылымға әсері қарастырылады. Философия және ғылым тарихы пәнін зерттеудің негізі-теорияларды, зерттеу әдістерін, сондай-ақ философия ғылымындағы онтологиялық және эпистемологиялық бағыттарды толық қамти отырып, зерттеу әдістерін игереді.	5	+	+	+	+		
Базалық пәндер циклі									
Таңдау компоненті									
2	Білімді ақпараттандыру және оқытудың өзекті мәселелері	Пән білім беру саласындағы IT-технологиялар мен XXI ғасыр мұғалімінің рөлінің; білім берудегі ақпараттық процестер, АКТ орны мен басқарудағы оның рөлінің; оқу процесіне жоғарғы технологияларды қолданудың; педагог-зерттеушінің АКТ-құзыреттілігін қалыптастырудың өзекті мәселелерін жүйелі түрде түсінуді, дағдылары мен зерттеу әдістерін меңгеруді көздейді. Ғылыми-	5	+	+	+	+	+	

		зерттеу жұмыстары бойынша өзінің ерекше зерттеу нәтижелерін жариялау жолдары сипатталады.								
3	Білім беру робототехникасын оқытудың теориялық және қолданбалы аспектілерін, әдістемесін; робототехника бойынша пәнаралық білім беру бағдарламасы мен оқу модульдерін; оқытуда робототехниканы қолданудың дидактикалық қамтамасыз ету және әдістемелік сүйемелдеулерін зерттеуге бағытталған. Білім беру робототехникасын қолдану идеяларын талдай отырып, өзінің пәнаралық білімнің интеграциянылық идеяларын іске асыруды көздейтін ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау жолдары сипатталады.	5	+	+					+	+

**Бейіндеуші пәндер циклі
Таңдау компоненті**

4	Онлайн-оқытудың өзекті мәселелері	Қазақстанның білім берудегі онлайн-оқытудың қазіргі кездегі даму кезеңін; жоғары технологияларға негізделген білім берудің әдіснамалық принциптері мен оқыту технологияларының ерекшеліктерін; онлайн оқытудың педагогикалық-ұйымдастырушы шарттарын зерттеуге бағытталады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында жүргізілетін жобалық жұмыста жоғарғы технологияларды онлайн-оқытуда қолдану идеяларын бағалай отырып өз идеяларын іске асыруды көздейді, өздерінің ерекше зерттеу нәтижелерін жариялау жолдары сипатталады.	5	+	+				+	+
5	BigDate технологиясы негізінде білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері	BigDate технологиясын білім беру саласына қолданудың шетел тәжірибесін; Қазақстанның осы тақырыптағы қазіргі кездегі мәселелерін; BigDate технологияға негізделген білім беру жүйесінің әдіснамалық принциптері мен оқыту технологияларының ерекшеліктерін, педагогикалық-ұйымдастырушы шарттарын зерттеуге бағытталады. Ғылыми-зерттеу жұмыста BigDate технологияны білім беру саласына қолдану идеяларын талдай отырып өз идеяларын ұсыну мен зерттеу нәтижелерін дәйектеу жолдары сипатталады.	5	+	+				+	+

Білім беру бағдарламасының көлемі бойынша жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Менгерілетін модуль саны	Менгерілетін пәндер саны				Кредиттер саны							Саны			
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Педагогикалық практика	Зерттеу практика	ДФЖ	Қорытынды аттестация	Барлығы	Саяғатар бойынша	Емтихан	Есеп			
1	1		2	1	2	25					5			30	900	5	1
	2					10				20				30	900		2
2	3								10		20			30	900		2
	4										30			30	900		1
3	5										30			30	900		1
	6									18		12		30	900		1
Барлығы		0	2	1	2	25	10	10	10	10	123	12	180	5400	5	8	